

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Беларусь Республикасы
Сыртқы істер министрлігі арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қою
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 71 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Беларусь Республикасы
Сыртқы істер министрлігі арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға
к е л і с і м б е р і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен
Беларусь Республикасы Сыртқы істер министрлігі
арасындағы Ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігі мен Беларусь Республикасы Сыртқы істер министрлігі,
Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы жан-жақты
ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесе отырып,
екі Тараптың мүдделеріне сәйкес екі жақты қатынастар мен халықаралық
проблемалар мәселелері бойынша әртүрлі деңгейдегі консультациялар мен пікір
алмасулар өткізуді пайдалы деп санай отырып,
өзара тиімді ынтымақтастық мәселелерін жедел шешуге ықпал ете отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Сыртқы істер министрлері немесе олар уәкілеттік берген адамдар өзара мүддені
білдіретін екі жақты қатынастар, көп жақты ынтымақтастық мәселелері бойынша
тұрақты консультациялар өткізеді.

Қажет болған жағдайда Тараптар халықаралық ұйымдар мен форумдар шеңберінде

консультациялар мен пікір алмасулар өткізеді.

Қажеттілігіне қарай консультациялар Тараптардың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің арасында да өткізеді.

2-бап

Тараптардың саяси консультацияларының мәні мыналар болады:

- екі жақты саяси байланыстарды дамыту және екі жақты ынтымақтастықты тереңдету мәселелері;

- Біріккен Ұлттар Ұйымы мен әмбебап және өңірлік сипаттағы басқа да халықаралық ұйымдар, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі Тараптардың ынтымақтастығы мәселелері;

- өзара мүддені білдіретін жаһандық және өңірлік мәселелер, халықаралық қатынастар проблемалары;

- екі жақты халықаралық шарттар ережелерінің, сондай-ақ көп жақты халықаралық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуының жай-күйі.

3-бап

Тараптар тұрақты негізде өзінің қызметі туралы ақпарат алмасуды жүзеге асыратын, қажетті халықаралық құқықтық ақпаратты бір-біріне беретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының екі жақты қатынастары шарттық-құқықтық базасының жай-күйіне және оның даму перспективасына салыстыру жүргізетін болады.

4-бап

Тараптар өздерінің құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы өзара тиімді экономикалық және сауда ынтымақтастығын дамытуға, екі мемлекеттің мемлекеттік органдары мен мекемелері, қоғамдық және ғылыми ұйымдары арасында байланыстар орнатуға және оны дамытуға жәрдемдеседі.

5-бап

Тараптар гуманитарлық саладағы, атап айтқанда, басқа мемлекеттер аумағында тұратын өз мемлекеттерінің азаматтарын әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін болады.

6-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы дипломатиялық өкілдігінің және Беларусь Республикасының Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдігінің жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау және оны қамтамасыз етудегі ынтымақтастықты жалғастырады.

7-бап

Тараптар тәжірибе алмасу, жұмыс бабындағы байланыстарды орнату мен нығайту және тағылымдамалардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, дипломатиялық кадрлар даярлау жөніндегі мүмкіндіктерді өзара пайдалану үшін жағдайлар жасау саласында ынтымақтасатын болады.

8-бап

Осы Келісімді іске асыруға байланысты қаржылық шығыстарды Тараптардың әрқайсысы дербес көтереді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

11-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен алты ай өткенге дейін қолданылады.

200_ жылғы " __ " _____ каласында әрқайсысы екі данадағы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
үшін*

*Беларусь Республикасы
Сыртқы істер министрлігі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК